

Оқушының ішкі әлеуетін барынша ашу рухани адамгершілік тәрбие беру.

«Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі»

Әл-Фараби

Баланың сана-сезімін, адамгершілік мұраттарын қалыптастыратыны-тәрбиенің ең бірінші рухани міндеті. Рухани-адамгершілік тәрбие барысында әрдайым өз мұраттарын басты нысана етіп ұстау қажет. Себебі, баланың көз қарасы оның күнделікті іс-әрекетімен сәйкес келмесе, олар ойлауға шебер, бірақ іс-әрекетке, қарым-қатынасқа жоқ адамдар болып шығады.

Рухани-адамгершілік туралы айтқанда біз тәрбие салаларын толық қамтимыз. Себебі олар бір-бірімен тығыз байланысты. Тұлғаның өмірге, еңбекке көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыруда оқытуды тәрбиелеуді өмірмен байланыстыруда рухани-адамгершілік яғни адалдық, кішіпейілдік, ниеттілік, жомарттылық, жауапкершілік т.б. қасиеттерді дамытады.

Адамгершілік-рухани тәрбиенің мақсаты: Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, баланың жеке тұлғалық қабілетін қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына жауапкершілігін қалыптастыру..

Адамгершілікке тәрбиелеу баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына қатынасын қалыптастыруды көздейді.

Адамның бойынан адамгершілік қасиеттер табылса, әрине сымбатты, парасатты көрінеді.

1 - Адам тумысынан жамандыққа үйір емес. Ол жылдар өте келе өніп шығады. Жақсылық өнімнің шыққаны немесе оны жамандықтың арам шөптері басып кеткені сонда ғана белгілі болады. Изеттілік пен сыпайылық сияқты адамгершілік түрлері отбасынан басталады.

2 . Отбасындағы тәрбиені адам өз өмірінің «Алтын бесігі» мектеп қабырғасында жалғастырып, өмір заңдылықтарын үйренеді. Мектепте халқымыздың әдептілік, әдемілік, имандылық, қайырымдылық, яғни рухани адамгершілік тағылымдарын – еліміздің дәстүрін ата - ана мен ұстаз тағылымдарын өз білімдерімізбен жалғастырамыз.

Адамгершілік қасиет ең бірінші әр оқушының отбасын сыйлаудан басталады. Әке – шешеге ешқашан дауыс көтеруге, сөз қайтаруға болмайды. Ата – анасын сыйламаған адам басқа біреуді сыйлап жетістірмейді. Ата – ананы

ренжітпеу – әр баланың өмір бойғы міндеті..

Жас ұрпаққа тәрбие берудің ең бір қажеттісі, мол тәрбиенің түрі, бұл – патриоттық тәрбие.

Отанға деген сүйіспеншілік. Әрбір азаматтың бойында күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау деген сөз.

Адамгершілік - адамдардың практикалық өмірінен тамыр алып, пайда болған әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді тудырып, солармен сәйкес дамиды. Ал мораль болса, шындыққа қарама-қарсы, теріс қарым-қатынаста пайда болады және адамның өзіне субъективті түрде міндет қоя білумен туындайды. Адамгершілік қасиеттері отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір-бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады. Халықта: “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің” деген мақал бар. Тәлім – тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды.

“Өзің үшін еңбек қылсаң, - дейді Абай, - өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық - қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол”. Ақылды, мейірімді адам кез-келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келеді. Арлы адам - ардақты. Біздің ортамызда осы сапаларды бойына сіңіріп қана қоймай, өзін қоршаған ортаға таратушы, осындай өз сапаларымен жас ұрпақты тәрбиелеуші ұстаздар аз емес. Адамгершілігі мол адам - басқаларға қашан да үлгі-өнеге.

“Отан – от басынан басталады” деп бекерге айтпаған. Ата-анасын, өз үрім-бұтағын жанындай жақсы көріп сүймеген баланың ел-жұртын, халқы мен ұлтын сүйетін толыққанды азамат болуы екіталай. Ұлтжанды кісінің имандылық – адамгершілік қасиеттері, сондай-ақ, оның достарына, ата-анасына деген көзқарасынан да жақсы байқалады. Қазақ елінің кез-келген перзенті жұмыр жердің қай бұрышында жүрсе де өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқынан өз ұлты мен халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерін тайға таңба басқандай айқын байқатып отыруы тиіс..

педагог Ы. Алтынсарин мынадай адамгершіліктің түрлерін атап көрсетеді, 7 жақсы қасиет:

Бірінші: Имандылық.

Екіншісі: Жоғарғы әділдік.

Үшіншісі: Адалдық, ақкөңілділік.

Төртіншісі: Сыпайылық, момындық.

Бесіншісі: Адал ниетпен өсиет беру.

Алтыншысы: Жомарттық, қайырымдылық.

Жетіншісі: Дұрыс заңдылық

Оқушының адамгершілік мәдениеті қай кезде де назардан тыс қалып көрген

емес. Бүгін де оқушылардың адамгершілік мәдениеті жоғары болуы маңызды мәселе ретінде саналады. Осыған орай, мектепте оқушыларда адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға дүниетану сабағының өзіндік орны бар.

Ал рухани-адамгершілік құндылық белгілі бір бағытта, мақсатты жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе.

Демек, жас ұрпақтың денсаулығын нығайту, рухани-адамгершілігін жетілдіру мәселелеріне тың көзқарастардың қажеттігі туындауда. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі - жетілген тұлға тәрбиелеу

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық,. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады.

Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс.

Өз тәжірибеме келетін болсам, көп жылдар бойы білім беру үрдісінде сын тұрғысынан ойлау (СТО) технологиясын қолданып келемін. Бұл технологияны қолданудағы мақсатым: барлық жастағы балаларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, саналы шешім қабылдап, креативті ойлау қабілетін дамыту.

Сыни ойлау дегеніміз не?

Біріншіден, сыни ойлау - дербес ойлау. Оқу үрдісі сыни ойлау қағидаларына сүйенгенде, әр оқушы өз идеяларын, бағасын, сенімін басқалардан дербес түрде құрастырады. Сыни ойлау тек жеке (индивидуалды) сипат алғанда ғана сыни болып табылады. Өз басымен ойлау және де тіпті ең қиын мәселелерді шешу үшін оқушылар жеткілікті түрде еркін болуы қажет.

Екіншіден, ақпарат сыни ойлаудың ақтық емес, бастапқы нүктесі болып табылады. Білім уәждеме (мотивация) тудырады, ал онсыз адам сыни ойлай алмайды. Күрделі ойды тудыру үшін: фактілерді; идеяларды; мәтіндерді; теорияларды; берілген жәйттерді, тұжырымдарды қайта өңдеу керек.

Үшіншіден, сыни ойлау сұрақ қоюдан басталып, шешімді қажет ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушылардың танымдық процесі өзінің әр кезеңінде танушының өз мүддесі мен мұқтажына туындайтын проблемаларды шешетін және сұрақтарға жауап беретін ұмтылысымен сипатталады.

Төртіншіден, сыни ойлау дәйекті, көңілге қонымды дәлелдемелерге ұмтылады. Сыни ойлайтын адам проблеманы шешуде өзіндік жолын тауып, бұл шешімді нанымды және дәйекті дәлелдермен негіздейді.

Бесіншіден, сыни ойлау - әлеуметтік ойлау. Қандай да болмасын ой басқалармен бөліскенде тексеріліп, ұштала түседі. Басқалармен пікір таласып,

мәтін оқып, талқылағанда, қарсы уәж айтып, пікірлерімізбен алмасқанда өз позициямызды айқындаймыз және тереңдетеміз. Сондықтан да сыни ойлау аясында еңбектенетін педагог ретінде әрқашанда өз сабақтарымда жұптық және топтық жұмыстың сан алуан түрлерін қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзеледі.

Осы тақырып бойынша қорыта келгенде қазіргі балалардың ішкі әлеуетін ашу үшін, өз бойындағы қасиеттерді, іс-әрекетпен ойын түрінде жағдаяттар беру арқылы, сұрақ жауаптар арқылы ашуға тырыстым. Әр түрлі тақырыпта іс-шаралар өткіздім. Сол арқылы балалар өздерін еркін сезініп жауапкершілікпен шынайы, қызықты, әсерлі сезім қалдырады. Бір-бірін жақын тани алып, құрметпен сыйлауды үйренеді.

-

